

1.18.13. Бітіруші кафедра оқылған пәндердің көлемі мен мазмұнының немесе жүргізілген зерттеу жұмыстарының ҚазҰУ оқу жоспарының талаптарына сәйкестігін объективті түрде анықтауға жауапты.

1.18.14. Ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алушының сол елдегі оқуын растайтын қорытынды құжат болып келетін транскрипт немесе оның аналогы болып табылады. Транскриптке оқу бағдарламасы туралы мәліметтер енгізіледі: пәндер (модуль) атауы, бағалар, игерілген академиялық кредиттер саны.

1.18.15. Басқа білім беру ұйымдарынан қайта есепке алуға рұқсат етілетін кредиттердің ең көп саны бір оқу жылында Қазақстан Республикасының басқа ұлттық жоғары оқу орындарында оқытылатын пәндер үшін оқу жоспарының 20%-нан аспайды. Назарбаев Университетін қоспағанда, Қазақстан Республикасының ұлттық жоғары оқу орындарында оқытылмаған пәндер бойынша кредиттерді қайта есептеу жүзеге асырылмайды.

1.18.16. Шетелдік білім беру ұйымдарынан қайта есепке алуға жіберілетін кредиттердің ең көп саны шетелдік жоғары оқу орнының рейтингі мен білім беру бағдарламасының бейіні ескеріле отырып, жеке тәртіппен белгіленеді

1.18.17. Академиялық немесе кредиттік ұтқырлық бағдарламасы бойынша басқа ЖОО-да болуы оқуды қаржыландыру көзіне қарамастан тиісті оқу семестрі басталғанға дейін 10 күннен кешіктірмей тиісті бұйрықпен рәсімделеді.

1.18.18. Халықаралық кредиттік ұтқырлыққа қатысу үшін қабылдаушы білім беру ұйымы көздеген деңгейде шет тілін білу қажет.

1.19. ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ

1.19.1. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да білім алушыларды қорытынды аттестаттау жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттары үшін академиялық күнтізбеде және білім беру бағдарламаларының бекітілген жұмыс жоспарларында көзделген мерзімде өткізіледі.

1.19.2. Жоғары білім беру бағдарламаларының білім алушыларын қорытынды аттестаттау дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру түрінде жүргізіледі.

1.19.3. Бакалавриат деңгейіндегі қорытынды аттестаттау нысандары университет факультеттерінің Ғылыми кеңесінің шешімімен анықталады.

1.19.4. Магистратура мен докторантураның білім алушыларын қорытынды аттестаттау магистрлік диссертацияны/жобаны, докторлық диссертацияны жазу және қорғау түрінде жүргізіледі.

1.19.5. Білім алушыларды қорытынды аттестаттауды өткізу үшін білім беру бағдарламасы бойынша және оқытудың барлық түрлері үшін дайындық бағыттары бойынша Аттестаттау комиссиясы (АК) құрылады.

1.19.6. Факультет декандары күнтізбелік жылдың 15 қазанына дейін Академиялық мәселелер бойынша Департаменттің оқу процесін жоспарлау және қолдау көрсету басқармасына шығарылатын мамандардың бейініне сәйкес келетін және ҚазҰУ-да жұмыс істемейтін профессорлар, доценттер, ғалымдар, оқытушылар, тәжірибелі өндіріс мамандары мен оқытушылар қатарынан аттестациялық комиссия төрағаларының кандидатураларын ұсынады.

1.19.7. Аттестаттау комиссиялары төрағаларының кандидатуралары университеттің Ғылыми Кеңесінің шешімімен күнтізбелік жылдың 1 қарашасынан кешіктірілмей бекітіледі.

1.19.8. Бітіруші курстың білім алушылары қорытынды аттестаттау басталғанға дейін екі аптадан кешіктірмей университет бойынша бұйрықпен қорытынды аттестаттауға рұқсат алады. Білім алушылардың тізімдік құрамымен рұқсат беру туралы бұйрықтар аттестаттау комиссияларына ұсынылады

1.19.9. Оқу процесін, жұмыс және жеке оқу жоспары мен жұмыс оқу бағдарламаларының талаптарына сәйкес аяқтаған және ғылыми жетекшінің қорғауына рұқсат алған білім алушылар қорытынды аттестаттауға жіберіледі.

1.19.10. Бітіруші курстың білім алушысы жұмыс және жеке оқу жоспары мен жұмыс оқу жоспарларының талаптарын орындамаған жағдайда, жазғы семестрсіз екінші оқу курсына қалдырылады.

1.19.11. Аттестаттау комиссияларының жұмыс кестесін Академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесі-проректор бекітеді және қорытынды аттестаттау басталғанға дейін екі аптадан кешіктірмей жалпы мәлімет үшін жеткізіледі

1.19.12. Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша кешенді емтихан бағдарламаларын бітіртуші кафедралар әзірлейді және факультеттің Ғылыми кеңесі мен Университеттің Академиялық кеңесі бекітеді

1.19.13. Дипломдық жұмысты/жобаны және магистрлік диссертацияны/жобаны қорғау Аттестациялық комиссияның ашық отырысында жүргізіледі. Докторлық диссертацияны қорғау диссертациялық кеңес отырысында жүзеге асырылады.

1.19.14. Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғаудың орнына білім алушыларға келесі негіздер бойынша екі кешенді емтихан тапсыруға рұқсат етіледі:

- 1) денсаулық жағдайы бойынша стационарда ұзақ емделу;
- 2) білім берілуіне ерекше қажеттілігі бар балалар, оның ішінде мүгедек балалар, бала кезінен мүгедектер, I топтағы мүгедектер;
- 3) жүкті немесе 2 жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеуші;
- 4) қосымша білім алып жатқан сырттай оқу бөлімінің студенттері.

Бітіру жұмысын/жобасын қорғау үшін екі кешенді емтихан тапсыруға ауыстыру үшін білім алушы қорытынды аттестаттау басталғанға дейін 2 аптадан кешіктірмей бітіртуші кафедра меңгерушісінің және факультет деканының бұрыштамасы бар Академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесі-проректордың атына тиісті өтініш береді (ауру тарихынан көшірмесі, баланың туу туралы куәлігі).

1.19.15. Білім алушы ғылыми жетекшінің дұрыс пікірі болған жағдайда бітіруші жұмысты (дипломдық жұмыс/жоба немесе магистрлік/докторлық диссертация) қорғайды. Егер ғылыми жетекші "қорғауға жіберілмейді" деген теріс қорытынды берген жағдайда, білім алушы бітіру жұмысын қорғамайды және қорытынды аттестаттауға жіберілмеген ретінде университеттен шығарылуға жатады.

1.19.16. Магистрлік диссертация тақырыбы бойынша білім алушының кемінде бір ғылыми басылым жариялануы тиіс. Докторлық диссертация тақырыбы бойынша кемінде жеті ғылыми жұмыс жариялануы тиіс.

1.19.17. Дипломдық жұмыстар/жобалар, магистрлік диссертациялар /жобалар және докторлық диссертациялар қорғағанға дейін плагиаттың болуына міндетті түрде «УНИВЕР» жүйесінде тексеруден өтеді.

1.19.18. Кешенді емтихандарды тапсыру және бітіру жұмысын қорғау нәтижелері сол өткізілген күні жарияланады. Қорғау бағалары туралы, сондай-ақ біліктілік беру, дәреже беру және мемлекеттік үлгідегі (үздік емес, үздік) диплом беру туралы шешімдерді аттестаттау комиссиясы жабық отырыста Комиссия мүшелерінің көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы қабылдайды.

1.19.19. Бағаны көтермелеу мақсатында кешенді емтиханды қайта тапсыруға немесе бітіру жұмысын қайта қорғауға жол берілмейді.

1.19.20. «Қанағаттанарлықсыз» баға алған білім алушыларға кешенді емтиханды қорытынды аттестаттаудың осы кезеңінде қайта тапсыруға рұқсат етілмейді. «Қанағаттанарлықсыз» баға алғаннан кейін аттестаттау комиссиясына ұсынылған денсаулық жағдайы туралы құжаттар қаралмайды.

1.19.21. Білім алушының денсаулық жағдайына байланысты қорытынды аттестаттау мерзімін ауыстыру туралы шешімді 037/У нысаны бойынша медициналық анықтама негізінде аттестаттау комиссиясының төрағасы қабылдайды. Сонымен қатар, факультет

деканатының ұсынысы бойынша Университет Басқарма төрағасы – ректорының бұйрығымен қорытынды аттестаттаудың жаңа мерзімдері ағымдағы күнтізбелік жылдың 31 желтоқсанынан кешіктірмей белгіленеді.

1.19.22. Қорытынды аттестаттау кезеңінде шетелдік іссапарда болған білім алушыларға қорытынды аттестаттаудан өту мерзімі факультет деканатының ұсынысы бойынша Басқарма төрағасы – ректордың бұйрығымен, бірақ іссапардан оралғаннан кейін 1 айдан кешіктірілмей ұзартылады.

1.19.23. "Қанағаттанарлықсыз" баға алған білім алушыларға кешенді емтиханды қайта тапсыруға, сондай-ақ бітіру жұмыстарын қайта қорғауға қорытынды аттестаттаудың осы кезеңінде рұқсат етілмейді.

1.19.24. Қорытынды аттестаттау бойынша "қанағаттанарлықсыз" деген баға алған білім алушы университет Басқарма төрағасы – ректорының бұйрығымен "Білім беру бағдарламасының талаптарын орындамаған" және "дипломдық жұмысты/жобаны немесе магистрлік диссертацияны/жобаны қорғамаған" немесе "кешенді емтихан тапсырмаған" негізде университеттен шығарылады.

1.19.25. Қайта қорытынды аттестаттау қорытынды аттестаттаудың келесі кезеңінде алдыңғы қорытынды аттестаттауда "қанағаттанарлықсыз" бағасы алынған нысандары бойынша ғана өткізіледі. Бұл ретте осы емтихандарды тапсырмаған адамдар үшін кешенді емтихандарға шығарылатын пәндер тізбесі теориялық курсты аяқтаған жылы қолданылатын бекітілген жұмыс жоспарымен анықталады.

1.19.26. Қорытынды аттестаттаудан қайта өту үшін университеттен шығарылған білім алушы келесі оқу жылының қорытынды аттестациясы басталғанға дейін екі аптадан кешіктірмей ҚазҰУ Басқарма төрағасы – ректорының атына «F-қанағаттанарлықсыз» деген баға алған үлгілерге рұқсат беру туралы өтініш жазады.

1.19.27. Білім алушы кешенді емтиханды қайта тапсыруға немесе бітіру жұмысын қайта қорғауға тек ақылы негізде ғана рұқсат етіледі.

1.19.28. Қорытынды аттестаттаудан өткен және жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламасын игергенін растаған білім алушыға аттестаттау комиссиясының шешімімен "бакалавр" немесе "магистр" дәрежесі беріледі немесе тиісті білім беру бағдарламасы бойынша біліктілік беріледі және бітіргені туралы бұйрық шыққан күннен бастап бес күн ішінде қосымшасымен қоса тегін негізде диплом беріледі.

1.19.29. Дипломға қосымшада (транскрипте) барлық оқу пәндері, тапсырылған курстық жұмыстар (жобалар), ғылыми-зерттеу немесе эксперименталды-зерттеу жұмыстары, кәсіби практикалардың түрлері, қорытынды аттестаттау бойынша бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша соңғы бағалары академиялық кредиттер мен сағаттарда көрсетіледі.

1.19.30. Докторантураның білім беру бағдарламасын меңгерген және докторлық диссертациясын қорғаған білім алушыға жүргізілген сараптама нәтижесі бойынша диссертациялық кеңестің оң шешімі болған жағдайда PhD философия докторы және бейіні бойынша доктор дәрежесі беріледі және қосымшасымен (транскрипт) мемлекеттік үлгідегі диплом беріледі.

1.19.31. Бакалавриаттың, магистратураның және докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша оқу мерзімі игерілген академиялық кредиттер көлемімен анықталады. Академиялық кредиттердің белгіленген көлемін игеру және тиісті дәрежені алу үшін күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізу кезінде білім беру бағдарламасы толық игерілген болып саналады.

1.19.32. Оқуды аяқтаудың негізгі өлшемі:

- бакалавриат бағдарламалары бойынша-білім алушылардың барлық оқу кезеңінде кемінде 240 академиялық кредиттерді меңгеруі, соның ішінде студенттің оқу қызметінің барлық түрлері;

- ғылыми – педагогикалық магистратура бағдарламалары бойынша-магистранттың оқу және ғылыми қызметінің барлық түрлерін қоса алғанда, барлық оқу кезеңінде кемінде 120 академиялық кредиттерді игеруі;

- бейіндік магистратура бағдарламалары бойынша-магистранттың 1 жыл оқу мерзімімен кемінде 60 академиялық кредитті және 1,5 жыл оқу мерзімімен кемінде 90 академиялық кредиттерді игеруі;

- докторантура бағдарламалары бойынша-докторанттың оқу және ғылыми қызметтің барлық түрлерін қоса алғанда кемінде 180 академиялық кредиттерді игеруі.

1.19.33. Докторантураның білім беру бағдарламасын мерзімінен бұрын игерген және диссертацияны сәтті қорғаған жағдайда докторантураға оқу мерзіміне қарамастан философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесі беріледі.

1.19.34. Жоғары білім берудің білім беру бағдарламасы бойынша А, А- "өте жақсы", В-, В, В+, С+ "жақсы" деген бағаға емтихан тапсырған және үлгерімінің орташа балы (GPA) 3,5 - тен төмен емес, сондай-ақ Кешенді емтихан тапсырған немесе диплом жұмысын (жобасын) А, А - "өте жақсы" деген бағаға қорғаған білім алушыға үздік диплом (оқытудың қосымша түрлері бойынша бағаларды есепке алмағанда) беріледі.

1.19.35. Білім беру бағдарламасын теориялық оқытудың толық курсы менгерген, бірақ ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) компонентін орындамаған магистранттарға зерттеу компоненттерінің кредиттерін қайта меңгеруге және келесі оқу жылында диссертацияны ақылы негізде қорғауға мүмкіндік беріледі. Бұл ретте ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) компонентінің игерілмеген кредиттері ғана ақы төлеуге жатады.

1.19.36. Докторантураның білім беру бағдарламасының теориялық оқудың толық курсы менгерген, бірақ ДҒЗЖ (ДЭЗЖ) орындамаған докторантқа ДҒЗЖ (ДЭЗЖ) академиялық кредиттерін қайта игеруге және кейінгі жылдары диссертацияны ақылы негізде қорғауға мүмкіндік беріледі. Докторантураның білім беру бағдарламасының теориялық оқудың толық курсы менгерген, ДҒЗЖ (ДЭЗЖ) орындаған, бірақ докторлық диссертацияны қорғамаған докторантқа оқу нәтижелері мен академиялық кредиттер беріліп, бітіргеннен кейін бір жыл ішінде тегін негізде, ал кейінгі жылдары кемінде 4 академиялық кредит көлемінде ақылы негізде диссертация қорғауға мүмкіндік беріледі.

Бұл ретте бітіргеннен кейін 3 жыл өткен соң докторант ақылы негізде диссертациялық зерттеудің (research proposal) ғылыми негіздемесі қайта бекітілгеннен кейін ғана қорғауға жіберіледі.

1.19.37. Бакалавриаттың білім беру бағдарламаларының түлектеріне қалауы бойынша дипломға Еуропалық қосымша (Diploma Supplement) тегін беріледі.

1.19.38. Диплом немесе дипломға қосымшасы жоғалған жағдайда, түлек білім туралы құжаттың телнұсқасын алу үшін Мемлекеттік қызмет көрсету орталығына немесе e-gov порталы арқылы тиісті өтінішпен жүгінеді

1.19.39. Diploma Supplement жоғалған жағдайда, түлек факультет деканатына Академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесі-проректордың атына тиісті өтініш беруі керек. Diploma Supplement өтініш бергеннен кейін бір аптадан соң деканатта беріледі.

1.19.40. Түлектерге білім беру құжаттарын тапсырғаннан кейін университет бір ай ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне ақпарат жібереді және (немесе) бұл деректерді бірыңғай білім беру ақпараттық жүйесіне енгізеді. Түлектер тізімі университеттің сайтында орналастырылады

1.19.41. Университет білім туралы берілген құжаттар бойынша электрондық жүйенің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді және білім туралы құжаттардың, оның ішінде бұрын берілген құжаттардың электрондық базасын (мұрағатын) сақтайды.

1.19.42. Білім алушылардың бағаланатын жазбаша жұмыстары (курстық, дипломдық жұмыстар (жобалар), магистрлік диссертациялар (жобалар) және докторлық диссертациялар) мәтінді пайдалану нысанына тексеруден өтеді. Плагиат мәніне тексеру жүргізу тәртібін бітіртуші кафедра және факультет деканаты айқындайды.

1.20. «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ТАРИХЫ» ПӘНІ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК ЕМТИХАНДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ

1.20.1. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ бакалавриатының барлық академиялық бағдарламаларында қазіргі Қазақстан тарихын оқып зерделеу міндетті болып табылады. Бакалавриаттың барлық мамандықтарының білім алушылары бекітілген академиялық күнтізбеге сәйкес аралық аттестаттау кезеңінде "Қазіргі заманғы Қазақстан тарихы" пәні бойынша мемлекеттік емтихан тапсырады.

1.20.2. Жоғары білім негізінде жеделдетілген оқу мерзімімен қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша оқитын студенттер "Қазіргі заманғы Қазақстан тарихы" пәні бойынша мемлекеттік емтиханды оқымайды және тапсырмайды.

1.20.3. "Қазіргі заманғы Қазақстан тарихы" пәні бойынша мемлекеттік емтиханның жұмыс бағдарламасы осы пән бойынша Типтік оқу бағдарламасы негізінде әзірленеді және университеттің Ғылыми кеңесімен бекітіледі. Мемлекеттік емтиханды өткізу нысанын факультеттің Ғылыми кеңесі анықтайды.

1.20.4. "Қазіргі заманғы Қазақстан тарихы" пәні бойынша мемлекеттік емтиханды қабылдау үшін құрамында комиссия төрағасы мен мүшелері бар күнтізбелік жылға мемлекеттік емтихан комиссиясы (МЕК) құрылады. "Қазіргі заманғы Қазақстан тарихы" пәні бойынша мемлекеттік емтиханды тапсыру нәтижелері оны тапсыру көзделген емтихан сессиясының қорытындысын шығару кезінде ескеріледі.

1.20.5. Білім алушы "Қазіргі заманғы Қазақстан тарихы" пәні бойынша мемлекеттік емтихан бойынша "қанағаттанарлықсыз" деген баға алған жағдайда, ол ақылы негізде осы пәнге жазылады, келесі академиялық кезеңде немесе жазғы семестрде оқу сабақтарының барлық түрлеріне қайта қатысады, ағымдағы бақылау талаптарын орындап, рұқсат алады және мемлекеттік емтихан тапсырады.

1.20.6. Мемлекеттік емтихан бойынша оң бағаны көтеру мақсатында қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

1.21. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ОҚУДАН ШЫҒАРУ ЖӘНЕ АКАДЕМИЯЛЫҚ ДЕМАЛЫС БЕРУ

1.21.1. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың білім алушысы университеттен шығарылуы мүмкін:

- академиялық үлгермеушілік үшін;
- Академиялық адалдық ережелерін бұзғаны үшін;
- ішкі тәртіп Ережелерін, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Жарғысын бұзғаны үшін;
- білім беру қызметін ақылы көрсету шартының талаптарын бұзғаны үшін, оның ішінде оқу құнын төлемегені үшін;
- өз өтініші бойынша;
- қорытынды аттестаттаудан «қанағаттаналарлықсыз» баға алған білім алушы «білім беру бағдарламасының талаптарын орындамағаны» және «дипломдық жұмысын (жобасын) немесе магистрлік диссертациясын (жобасын) қорғамағаны немесе «кешенді емтиханды тапсырмағаны» үшін бірінші басшының бұйрығымен оқудан шығарылады.

1.21.2. Университеттен шығарылған мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде бакалавриаттың, магистратураның және докторантураның білім беру бағдарламаларының білім алушылары білім беру грантынан айырылады.

1.21.3. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ білім алушыларына академиялық демалыстар беріледі:

-амбулаториялық-емханалық ұйым жанындағы дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы негізінде ұзақтығы 6 айдан 12 айға дейін науқастануы бойынша;

- әскери қызметке шақыру туралы күн тәртібі негізінде;